



**БҰЙРЫҚ**

20.08.2016ж № 269

Қостанай қаласы

**ПРИКАЗ**

город Костанай

**Банкроттық басқарушыны  
босату туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының 15-бабының 3-тармақшасына сәйкес және 2016 жылғы 08 маусымдағы «Лазарева Елена Павловна» жеке кәсіпкер (бұдан әрі - ЖК) кредиторлар жиналысы отырысының хаттамасының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Банкроттық басқарушы Буркит Макенович Ескендиrowті кредиторлар жиналысының шешіміне байланысты «Лазарева Елена Павловна» ЖК-ның мүлкін және істерін басқарудан босатылсын.

2. Б.М. Ескендиrow үш жұмыс күнінен кешіктірмей мерзімде борышкердің барлық құжаттарын, құрылтай, қаржылық және мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды қоса, борышкердің барлық мүлкін (активтер), сондай-ақ борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департамент басшысының орынбасары С.А.Ахметовке жүктелсін.

**Департамент басшысының  
міндетін атқарушы**



**Т. Арысбаев**